



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№20/202
16 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ АЛТЫНШЫ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысы Түркия Қазақстан үшін бауырлас ел, маңызды әрі сенімді серіктес саналатынын атап өтіп, тамыры терең байланыстар қос халықтың мызғымас достығын одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғанын айтты.

– Қазіргі таңда қазақ-түрік екіжақты қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып жатыр. Елдеріміздің арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мемлекетаралық және үкіметаралық байланыстарымыз нығайып келеді. Парламентаралық ықпалдастығымыз да жоғары деңгейде. Түрік делегациясының құрамында бір топ депутаттың және партия мүшелерінің болуы – соның айқын дәлелі. Сонымен қатар екі елдің экономикалық ынтымақтастығы күшейе түсті. Түркия ірі инвесторларымыздың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін Сіздің еліңізден экономикамызға 6 миллиард доллар инвестиция тартылды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясы да өсіп, 2,5 миллиард долларға жуықтады. Сондай-ақ Түрік елі – негізгі бес сауда серіктесіміздің бірі. Қос халықтың мәдени-гуманитарлық байланыстары қарым-қатынасымыздың алтын арқауы саналады. Біз осы игі үрдісті сақтап, өзара ықпалдастығымыздың аясын кеңейте беруге мүдделіміз. Бүгін «Мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» декларацияны қабылдаймыз. Осы маңызды құжат қазақ-түрік қатынастарын дамытуға тың серпін беретіні анық. Бұл мәселе бойынша екі елдің де ниет-тілегі – бір, сондықтан әлеуетіміз де, мүмкіндігіміз де мол деп айтуға толық негіз бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті бүгінде Түркия әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басып, түрлі салада елеулі табысқа қол жеткізгеніне назар аударды.

– Сіздің саликалы, сарабал саясатыңыздың нәтижесінде Түркияның әлемдегі ықпалы мен беделі арта түсті. Түрік елі қуатты экономика мен салмақты дипломатияның арқасында Еуропа мен Азияны, күллі түркі дүниесін жалғаған алтын көпір ретінде танылып отыр. Мемлекетіңіздің жетістіктері – Сіздің ұлт мүддесін қорғау жолындағы қажырлы еңбегіңіздің жемісі деп білеміз, – деді Президент.

Жиында тараптар сауда-экономикалық ықпалдастықты тереңдету мәселесін талқылады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 8,8 пайызға өсіп, 5,4 миллиард доллардан асқан. Қасым-Жомарт Тоқаев саудасаттықты әрі қарай жандандыруға қолайлы жағдай жасап, алыс-берісті әртараптандырудың маңызына тоқталды.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Түркияға қазірдің өзінде 34 тауар түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайта алады. Оның жалпы құны 630 миллион доллардан асады. Бұл ретте Мемлекет басшысы екі елдің қаржы орталықтары мен цифрлық сауда платформалары арасындағы серіктестіктің, сондай-ақ бүгін Астанада өтіп жатқан Қазақ-түрік бизнес форумының нәтижесі сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі тереңдете түсетініне сенім білдірді.

Кеңесте ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді. Былтыр екі елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі тауар ай-

налымы 25 пайыздан асып, 360 миллион долларға жуықтаған. Бірқатар инвестициялық жоба іске асып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Tiryaki Agro қолға алған глютен мен крахмал өндірісін, Alarko Holding салып жатқан жылыжай кешенін мысалға келтірді.

Түркия тарапына Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын жандандыру жөнінде 2026-2028 жылдарға арналған жол картасын қабылдау ұсынылды.

Жиында қазіргі геосаяси жағдайда көлік-логистика саласының стратегиялық маңызы арта түскеніне назар аударылды. Мемлекет басшысы бұл ретте Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне өзге елдердің қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталып, түрік компанияларын Құрық, Ақтау порттары арқылы жүк тасымалын ұлғайтуды көздейтін жобаларға белсенді атсалысуға шақырды.

Қазақстан авиация саласындағы ынтымақтастыққа да айрықша мән беріп отыр. Сондықтан Алматы халықаралық әуежайын Орталық Азиядағы логистикалық хаб ретінде дамытуды көздеп отырған TAV Airports Holding компаниясының бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі.

Бұл ретте Мемлекет басшысы елімізде инвестициялық ахуалды жақсарту үшін атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, инвесторларға арналған жеңілдіктер жөнінде мәлімет берді. Сонымен қатар Түркия бизнесмендерін шикізаттық емес жобаларды бірлесе іске асыруға үндеді. Жиында энергетика, тау-кен, цифрландыру және жасанды интеллект, қорғаныс өнеркәсібіндегі өзара тиімді серіктестік аясын одан әрі кеңейту перспективасы қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Түркияның мәдени-гуманитарлық байланыстары жылдан жылға күшейіп келе жатқанын жеткізді.

Атап айтқанда, 2023 жылы жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Газиантеп провинциясында Қазақстан бастамасымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы мектеп ашылды. Астанада және Алматыда «Маариф» қорының мектептерін ашу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазақстанның 14 мыңға жуық азаматы Түркияда оқиды, ал 260-қа жуық түрік студенті еліміздің жоғары оқу орындарында білім алуда.

Жақында Шымкент қаласындағы педагогикалық университеттің жанынан Түркиядағы Гази университетінің филиалы өз жұмысын бастады.

Қазақстанның бірқатар аймағында туризм саласына маманданған түрік компаниялары табысты жұмыс істеп жатыр. Мемлекет басшысы бұл бағытта әлі де көптеген мүмкіндік бар екенін алға тартып, түрік бауырларымызды Қазақстанмен озық тәжірибесін бөлісуге, елімізге инвестиция салуға шақырды.

Денсаулық сақтау саласындағы серіктестік те қарқынды дамып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның ірі фармацевтика алпауыттары – Abdi İbrahim және Nobel компаниялары Қазақстанда өндіріс желілерін іске қосқанын атап өтті. Көп ұзамай Orzax Group компаниясы Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін зауыттың құрылысын бастайды. YDA Group Түркістан және Петропавл қалаларында көпбейінді ауруханалар салып жатыр.

Толығырақ akorda.kz сайтында



VIII ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXXI СЕССИЯСЫ ӨТТІ

VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXXI сессиясы өтті. Жиынға қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы, қала әкімінің орынбасарлары Айдарханов Темірхан Айдарханұлы, Алмас Ұлан Алмасұлы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысты. Сессияның күн тәртібінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №35/260 «Приозерск қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды. Сонымен қатар, Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №35/261 «Приозерск қаласының 2026–2030 жылдарға арналған даму жоспары туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі де қаралды. Сессия барысында қала аумағын абаттандыру, әлеуметтік саланы қолдау, мемлекеттік мекемелердің мате-

риалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ тұрғындар өтініштері негізінде көпқабатты тұрғын үйлердің шатырларын жөндеу жұмыстарына қаржы қарастыру мәселелері жан-жақты талқыланып, тиісті қаражат қарастырылды. Сессия соңында қала әкімі Мансұр Талғатұлы бюджеттік шығыстарға тоқталып, бекітілген бюджет бойынша бірлескен жұмыс үшін мәслихат депутаттарына алғысын білдірді. Өз кезегінде мәслихат төрағасы бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақытылы өткізіп, бөлінген қаражатты сапалы әрі тиімді игеру мәселесіне ерекше назар аудару жөнінде ұсыныс айтты. Сессия қорытындысы бойынша қалалық мәслихат депутаттары ұсынылған барлық мәселелерді бірауыздан қолдап, тиісті шешімдер қабылдады.

Приозерск қалалық мәслихаты

ПРОШЛА ВНЕОЧЕРЕДНАЯ XXXXI СЕССИЯ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА VIII СОЗЫВА.

Состоялась внеочередная XXXXI сессия городского маслихата VIII созыва. В заседании приняли участие аким города Ахметов Мансур Талгатович, заместители акима города Айдарханов Темирхан Айдарханович, Алмас Улан Алмасович, а также администраторы бюджетных программ. На повестке дня сессии был рассмотрен ряд важных вопросов. В частности, обсуждался вопрос о внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 18 декабря 2025 года №35/260 «О бюджете города Приозерск на 2026–2028 годы». Кроме того, был рассмотрен вопрос о внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 18 декабря 2025 года №35/261 «О плане развития города Приозерск на 2026–2030 годы».

В ходе сессии всесторонне обсуждались вопросы благоустройства территории города, поддержки социальной сферы, укрепления материально-технической базы государст-

венных учреждений, а также выделения средств на ремонт крыш многоквартирных жилых домов на основании обращений жителей. По данным направления были предусмотрены соответствующие финансовые средства. В завершение сессии аким города Мансур Талгатович остановился на вопросах бюджетных расходов и выразил благодарность депутатам маслихата за совместную работу по утвержденному бюджету. В свою очередь председатель маслихата рекомендовал администраторам бюджетных программ уделить особое внимание своевременному проведению процедур государственных закупок, а также качественному и эффективному освоению выделенных средств. По итогам сессии депутаты городского маслихата единогласно поддержали все предложенные вопросы и приняли соответствующие решения.

Приозерский городской маслихат

GPA КӨРСЕТКІШІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ БАСТАР ЖОЛ



Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар өзгеріп келеді. Бүгінде бұл салаға тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар заманауи ойлау, цифрлық сауаттылық, жауапкершілік, қоғаммен тиімді байланыс орната білу қабілеті де қажет. Осындай талаптарға сай келетін жастарды мемлекеттік қызметке тарту – уақыт сұранысы.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орнын үздік үлгеріммен аяқтаған түлектерді GPA көрсеткіші негізінде конкурстық мемлекеттік қызметке тағайындау тетігі ерекше маңызға ие. Бұл – академиялық дайындығы жоғары, белсенді әрі әлеуеті бар жастарға қолдау көрсетудің нақты жолы.

Қолданыстағы тәртіпке сәйкес, жоғары оқу орнын GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес нәтижемен бітірген түлектер мемлекеттік қызметтің төменгі лауазымдарына конкурстық іріктеусіз тағайындала алады. Мұндай мүмкіндік, ең алдымен, дарынды жастарды қолдауға, мемлекеттік аппаратқа жаңа буын кадрларын тартуға және өңірлердегі кадрлық әлеуетті нығайтуға бағытталған.

Бұл тетік жастар үшін мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетіп қана қоймай, олардың өз мамандығы бойынша еңбек жолын ерте бастауына мүмкіндік береді. Ал мемлекеттік органдар үшін бұл – жаңа көзқарасы бар, білімді, ізденімпаз мамандарды тартудың тиімді құралы.

Қарағанды облысында бұл бағытта нақты нәтижелер бар. 2023–2025 жылдар аралығында облыс бойынша 46 жас маман конкурс өткізілместен мемлекеттік қызметке қабылданды. Олардың қатарында жергілікті атқарушы органдар да, аумақтық бөлімшелер де бар. Атап айтқанда, Бұқар Жырау ауданында – 6, Шет ауданында – 4, Теміртау қаласында – 3, Қарқаралы ауданында – 3 жас маман осындай тәртіппен жұмысқа қабылданған. Сондай-ақ Саран қаласы мен Ақтоғай ауданында – 2-ден, Шахтинск және Балқаш қалаларында, Осакаров ауданында – 1-ден маман мемлекеттік қызметке келген. Бұдан бөлек, санитариялық-эпидемиология-

лық бақылау, ветеринариялық бақылау және қадағалау, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы аумақтық бөлімшелерде де осы тетік қолданылды.

Бұл – аталған мүмкіндіктің қағаз жүзіндегі норма ғана емес, нақты іске асып жатқан құрал екенін көрсетеді.

Оның тиімділігін нақты мысалдан да көруге болады. А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің түлегі Исаков Абылай Жұмабайұлы жоғары оқу орнын GPA 3.65 көрсеткішпен аяқтап, 2024 жылдың сәуір айында Қарқаралы ауданының коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне конкурс өткізілместен бас маман болып тағайындалды. Қызмет барысында ол өзін жауапты, білікті маман ретінде көрсете білді. Нәтижесінде меритократия қағидаттарына сәйкес бір жыл ішінде сектор меңгерушісі лауазымына дейін көтерілді.

Мұндай мысалдар жастарға беріліп отырған мүмкіндіктің нәтижелі екенін аңғартады. Ең бастысы – бұл тетік мемлекеттік қызметке шын мәнінде қабілетті, білімді, еңбексүйгіш жастардың келуіне жол ашады.

Әсіресе өңірлерде білікті кадр тапшылығы сезілетінін ескерсек, GPA негізінде конкурстық тағайындау тетігінің маңызы арта түседі. Бұл – бір жағынан жастарды қолдау болса, екінші жағынан мемлекеттік аппараттың сапалық құрамын жаңартуға бағытталған тиімді қадам.

Қорыта айтқанда, GPA көрсеткіші бойынша конкурстық тағайындау – білімді, бастамашыл, жауапкершілігі жоғары жастарды мемлекеттік қызметке тартудың нақты мүмкіндігі. Мұндай бастама мемлекеттік қызметтің кәсіби деңгейін арттыруға, жастардың әлеуетін ел игілігіне жұмылдыруға және өңірлердегі кадрлық тұрақтылықты күшейтуге ықпал етеді.

Ж. Сәрсен

МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

“ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ МОДЕЛІН НЫҒАЙТУДЫҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ”

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік дамуының басты жетістіктерінің бірі – зайырлылық қағидатын берік ұстануы. Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміздің демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет екені айқын көрсетілген. Бұл қағидат мемлекеттің қандай да бір дінді ресми идеология ретінде қабылдамайтынын, барлық азаматтардың ар-ождан бостандығына кепілдік беретінін және діни сеніміне қарамастан тең құқықтарды қамтамасыз ететінін білдіреді. Осындай ұстаным Қазақстандағы қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың негізгі тіректерінің біріне айналды.

Зайырлылық – дінге қарсы көзқарас емес. Керісінше, бұл қағидат әр азаматтың сенім бостандығын құрметтеуге, діни және азаматтық құқықтардың теңдігін сақтауға бағытталған. Қазақстан қоғамында ислам, православие, католицизм, протестанттық бағыттар және басқа да конфессия өкілдері бейбіт өмір сүріп келеді. Мемлекет олардың заң аясындағы қызметіне жағдай жасап, сонымен қатар қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Заманауи кезеңде зайырлы мемлекет моделін нығайту үшін ең алдымен құқықтық сананы дамыту қажет. Әр азамат Конституцияның мәнін, заң үстемдігінің маңызын және діни қызметті реттейтін құқықтық нормаларды түсінуі тиіс. Заңды құрметтейтін қоғамда экстремизм мен радикализмге орын болмайды. Осыған байланысты халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңызды.

Зайырлылықты нығайтудың тағы бір тиімді жолы – сапалы білім беру. Білім беру ұйымдарында жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту, дінтанулық сауаттылығын арттыру және ақпаратты талдай білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Әсіресе әлеуметтік желілердегі жалған немесе бұрмаланған діни ақпаратқа қарсы

тұру үшін жастардың дүниетанымдық иммунитеті мықты болуы керек.

Ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздік те ерекше назар аударуды талап етеді. Интернет ресурстары мен мессенджерлер арқылы радикалды идеялар оңай таралады. Сондықтан дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық мәдениетті және зайырлы қағидаттарды насихаттайтын сапалы контенттің үлесін арттыру қажет. Бұл жұмысқа мемлекеттік органдармен қатар теологтар, дінтанушылар, педагогтар және блогерлер белсенді қатысқаны жөн.

Отбасы институтының рөлі де айрықша. Баланың дүниетаным ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата-ананың дұрыс тәрбиесі, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу – радикалды идеологияның алдын алудың тиімді тетігі.

Сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының белсенділігі зайырлы мемлекет моделін нығайтуға ықпал етеді. Үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері, этномәдени орталықтар мен діни қауымдастықтар қоғамдағы өзара түсіністік пен толеранттылықты дамытуға үлес қосады.

Түйіндей келе, Қазақстандағы зайырлы мемлекет моделі – қоғамдық тұрақтылықтың, ұлтаралық татулықтың және дінаралық келісімнің берік негізі. Оны нығайту құқықтық мәдениетті арттыруды, білім сапасын жақсартуды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және отбасы құндылықтарын дәріптеуді талап етеді. Зайырлылық қағидатын сақтау – еліміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының кепілі.

Айтбенбетов О.
“Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі” ММ тапсырысымен “Dara” әлеуметті инновация институты” ҚБ жариялады

“МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ”

Қазіргі Қазақстан қоғамында мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Елімізде түрлі этностар мен конфессиялардың өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқандықтан, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың теңгерімді дамуы бейбітшілік пен келісімді сақтауда ерекше рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, еліміз өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтырған. Бұл қағидат мемлекеттің ешбір дінді ресми немесе міндетті идеология ретінде қабылдамайтынын, сонымен бірге әр азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік беретінін білдіреді. Яғни, мемлекет діни сенімге құрметпен қарай отырып, барлық діни бірлестіктерге заң аясында тең жағдай жасайды.

Мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы үйлесімді қатынастардың басты негізі – өзара жауапкершілік. Мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етсе, діни бірлестіктер қоғамдағы татулықты нығайтуға, адамгершілік құндылықтарды насихаттауға және заң талаптарын сақтауға үлес қосады. Осындай серіктестік қоғамдық келісімді бекемдей түседі.

Үйлесімді қатынастарды қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі – тұрақты әрі ашық диалог. Мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің өзара кездесулері, консультациялық алаңдар мен қоғамдық іс-шаралар ортақ мәселелерді талқылауға және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Ашық диалог сенім қалыптастырып, өзара түсіністікті тереңдетеді.

Тағы бір маңызды бағыт – діни сауаттылықты арттыру. Қоғам мүшелері, әсіресе жастар, діннің мәні мен оның қоғамдағы орны туралы дұрыс ақпарат алуы қажет. Діни

білімнің жеткілікті болуы азаматтарды радикалды және деструктивті идеологиялардың ықпалынан қорғайды. Бұл ретте теологтар, дінтанушылар, педагогтар мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше.

Ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету де мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды нығайтудың маңызды шарты болып табылады. Интернет пен әлеуметтік желілерде жалған діни ақпараттың таралуы қоғамға қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан дәстүрлі рухани құндылықтарды, заңдылық пен толеранттылықты дәріптейтін сапалы контентті көбейту қажет. Отбасы институтының маңызын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Баланың дүниетаным, құндылықтар жүйесі және өмірлік ұстанымдары ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата-ананың дұрыс тәрбиесі мен өнегесі жастардың діни мәселелерге байыпты көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді. Сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының белсенділігі мемлекеттік және діни қатынастардың тиімді дамуына оң әсер етеді. Үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық қорлар, жастар қозғалыстары мен сарапшылар қоғамдағы өзара сыйластық пен келісім мәдениетін нығайтуға елеулі үлес қосады.

Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы үйлесімді қатынастар – қоғамдық тұрақтылықтың, рухани келісімнің және ұлттық қауіпсіздіктің маңызды кепілі. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс заң үстемдігіне, ашық диалогқа, діни сауаттылыққа және ортақ жауапкершілікке негізделуі тиіс. Осындай ұстанымдар Қазақстандағы бейбітшілік пен татулықтың одан әрі нығаюына қызмет етеді.

Батыл Б.
“Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі” ММ тапсырысымен “Dara” әлеуметті инновация институты” ҚБ жариялады

“СОХРАНЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННОЙ СТАБИЛЬНОСТИ И НЕДОПУЩЕНИЕ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РАДИКАЛЬНЫХ ИДЕЙ”

Сохранение общественной стабильности является одним из ключевых условий устойчивого развития любого государства. В стабильном обществе обеспечиваются верховенство закона, защита прав и свобод граждан, а также формируется атмосфера доверия и взаимного уважения. В таких условиях люди могут спокойно учиться, работать, развиваться и реализовывать свой потенциал. Напротив, распространение радикальных идей способно привести к социальной напряженности, росту конфликтов и подрыву общественного согласия. Радикальные идеологии, как правило, используют социальные проблемы, недостаточный уровень правовой и религиозной грамотности, а также уязвимость отдельных категорий граждан, особенно молодежи. Они формируют искажённое восприятие действительности, пропагандируют нетерпимость, изоляцию от общества и отрицание общепринятых правовых норм. В этой связи противодействие радикализации требует комплексного и системного подхода, включающего не только меры безопасности, но и широкую профилактическую работу.

Одним из важнейших направлений является повышение уровня образования и просвещения. Качественное образование способствует формированию критического мышления, умения анализировать информацию и отличать достоверные источники от ложных. Особое значение имеет развитие правовой и религиозной грамотности среди молодежи, поскольку именно эта категория наиболее подвержена информационному воздействию. В образовательных учреждениях необходимо системно проводить разъяснительные мероприятия, направленные на укрепление гражданской ответственности и уважения к закону.

Не менее важную роль играет информационная безопасность. В условиях стремительного развития цифровых технологий социальные сети и интернет-платформы становятся основным каналом распространения информации, в том числе и деструктивного характера. В этой связи необходимо развивать медиаграмотность населения, обучать навыкам критического восприятия информации и формировать культуру ответственного потребления контента. Од-

новременно важно поддерживать создание качественного контента, основанного на традиционных ценностях, принципах толерантности и уважения к закону.

Существенное значение имеет и институт семьи. Именно в семье закладываются базовые моральные и нравственные ориентиры личности. Воспитание в духе уважения к старшим, ответственности, взаимопомощи и приверженности традиционным ценностям формирует устойчивую систему взглядов, способную противостоять негативным идеологическим влияниям. Родители играют ключевую роль в формировании мировоззрения молодого поколения и его социальной адаптации. Важным фактором является также взаимодействие государства и институтов гражданского общества. Государственные органы, образовательные учреждения, религиозные объединения, теологи, общественные организации и средства массовой информации должны действовать согласованно и комплексно. Такая координация позволяет своевременно выявлять риски, проводить профилактические мероприятия и укреплять общественное согласие.

Отдельного внимания заслуживает развитие межкультурного и межконфессионального диалога. Уважение к различным религиозным и культурным традициям способствует укреплению доверия между гражданами и снижает вероятность возникновения конфликтов на почве идеологических различий. В этом контексте важную роль играют общественные инициативы, направленные на укрепление единства и толерантности.

Таким образом, сохранение общественной стабильности и недопущение распространения радикальных идей требует комплексного подхода, включающего образование, информационную безопасность, семейное воспитание и межсекторное сотрудничество. Только при совместных усилиях государства и общества возможно формирование устойчивой, безопасной и гармонично развивающейся социальной среды.

Айдархан Т.
Опубликовано ОО “Институт социальных инноваций “Dara” по заказу ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск».

КАСАҚСТАН
ПРОКУРАТУРАСЫ

**КАСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МОБИЛЬДІК ТОП**
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА

ҚАЛА ПРОКУРОРЫ
ҮЙСІМБАЕВ АСҚАР ҚАЙРАТҰЛЫ
ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН:
8 707 302 04 71

ҚАЛА ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
АЛМАҒАНБЕТОВ АСЫЛБЕК АЛМАҒАНБЕТҰЛЫ
ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН:
8 701 287 24 52

ЖҰМЫС ТЕЛЕФОНЫ:
8 71039 53809

КАСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСЕРІ БОЙЫНША:

- КАСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ;
- КАСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ ЗАҢСЫЗ АРАЛУСЫ;
- ТЕКСЕРУЛЕР, БЮРОКРАТИЯЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕР;
- КАСІПКЕРЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕСЕР.

КАСАҚСТАН
ПРОКУРАТУРАСЫ

**МОБИЛЬНАЯ ГРУППА
ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ**
в городе ПРИОЗЕРСК

ПРОКУРОР ГОРОДА
УЙСУМБАЕВ АСҚАР ҚАЙРАТОВИЧ
СОТОВЫЙ ТЕЛЕФОН
87073020471

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРОКУРОРА ГОРОДА
АЛМАҒАНБЕТОВ АСЫЛБЕК АЛМАҒАНБЕТОВИЧ
СОТОВЫЙ ТЕЛЕФОН
87012872452

РАБОЧИЙ ТЕЛЕФОН
87103953809

ПО ВОПРОСАМ ЗАЩИТЫ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ:

- НАРУШЕНИЕ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ
- НЕЗАКОННОЕ ВМЕШАТЕЛЬСТВО В ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ БИЗНЕСА
- ПРОВЕРКИ, БЮРОКРАТИЧЕСКИЕ ПРЕПЯТСТВИЯ
- ИНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, СВЯЗАННЫЕ С ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВОМ

ЕР АЗАМАТ - ЕЛ ҚОРҒАН



«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен атқарып шыққан мерзімдік қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығарып салу салтанатты жиыны болып өтті. Аталған іс-шараны бастап берген 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Шарипов Дамир Алтаевич сарбаздардың әскери қызметтегі адалдықтары мен егеменді еліміздің төл әскерінің дамуына қосқан үлестеріне шын ризашылығын білдірді. Сап түзеген сарбаздар салтанатты түрде 06708 әскери бөлімінің Жауынгерлік Туымен қоштасты. Мінберге көтерілген Приозерск гарнизоны Әскери прокуратурасының прокуроры әділет лейтенанты Каппазова Әйгерім Аманжолқызы, Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының Приозерск гарнизонын қамтамасыз ету Әскери полиция бөлімшесінің бастығы әділет майоры Айдынбеков Жалғас Абайұлы және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы запасқа шығатын ме-

рзімдік әскери қызметшілерін құттықтап, олардың алдағы өмірлеріне зор табыстар тіледі. Салтанатты жиын барысында запасқа шығатын әскери қызметшілер марапатталып, оларға Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттар берілді. Жауынгерлік даярлықта үздік танылғандар қатарынан ефрейтор Б.Ж. Абдибеков, ефрейтор А.Н. Дралов, ефрейтор А.А. Қайрат және қатардағы жауынгер Ә.Т. Ұзақбай еліміздегі жоғарғы оқу орындарына емтихансыз түсу құқықтарына ие болса, озат жауынгер ретіндегі ефрейтор Н.А. Ағабекке 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Д.А. Шарипов Ақтөбе қаласындағы екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигельдинов атындағы Әскери әуе қорғанысы күштерінің институтына оқуға түсу сертификатын салтанатты түрде табыс етті. Жиын соңынан жеке құрам запасқа шығатын мерзімдік қызмет әскери қызметшілерімен бірге естелік фотосуретке түсті.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

ОТБАСЫ ДӘНЕКЕРІ



Дана халқымызда «Отан - отбасынан басталады» - деп, бекер айтылмаса керек. Дүниежүзілік Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1993 жылғы шешімімен жыл сайын 15 мамыр - Отбасы күні ретінде аталып келеді. Әскери ортада да отбасыға ден қойылған. Әскери қызметті атқару барысында да әскери қызметшілер өз жанұясына көңіл бөлуді еш назардан қалдырған емес. Сондай жандардың бірі - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөліміндегі 1-ші Реактивті артиллериялық дивизионының старшинасы аға сержант Асқат Түзелбаев.

Түркістан облысының тумасы Асқат Қыдырсияқұлы Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін, Приозерск гарнизонындағы 06708 әскери бөліміне келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданады.

Бүгінгі күндегі көп балалы отбасының тірегі болып табылатын Асқат Түзелбаев жанұясында жұбайы Тоғжан Жарасханқызымен бірге 1 ұл мен 3 қызға ұлағатты тәрбие беріп келеді. Отбасының үлкені Айша мектепте білім алса, одан кейінгі Раяна мен Заңғар балабақша тәрбиесінде жүргені анық. Келесі жанұясының еркесі Еңлік отбасындағы әке мен шешеден тәрбие алып келеді.

Өзіне берілген тапсырмаға жауапты аға сержант А.Түзелбаев дәл қазіргі таңда әскери ортаға жақында ғана Отан алдындағы борышын өтеуге келген жас сарбаздарды қамтамасыз ету жұмыстарын тиынақты атқарып келеді.

Өз отбасының ұйтқысы, балаларға тәрбие беруде дәнекері болып саналатын Асхат Қыдырсияқұлының алдағы қызметіне толағай табыстар тілей отырып, отбасына мол бақыт тілейміз!

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №20/202, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.